

**Әлтаева Н.С.<sup>1</sup>, Затов Қ.А.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>«Дінтану» мамандығының докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nursulu.altayeva@mail.ru

<sup>2</sup>философия ғылымдарының докторы, «Нұр-Мүбәрак» Египет Ислам мәдениеті университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kairat\_1966@list.ru

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МОРМОНДАР ШІРКЕУІ**

Мақала Қазақстандағы мормондар қауымдастығының қызметі мен ішкі өміріне арналған. Алынған қорытындылар авторлардың жүргізген іштей және сырттай бақылау барысындағы пікірлеріне негізделген. Бақылау «Иса Мәсіхтің Соңғы замандағы әулиелер шіркеуі» «Қазақстандық Алматылық приходында» 2017 жылдың қыркүйек айынан қараша айына дейін жүргізілді. Қауымның мүшелерімен қарым-қатынас жексенбілік құлшылық кезінде, ағылшын тілі курстарында және қосымша шараларда жүзеге асты. Осы алынған қорытындыларды талдап, авторлар келесі қорытындыға келеді. Мормондар – Қазақстандағы жаңа діни ұйымдардың әдеттегі өкілдері. Олардың шіркеуі жабық, бірақ елеулі күшке ие. Бұл күш – қауымдастықтағы жеткілікті жайлы психологиялық атмосфера, шіркеу мүшелерінің өздерін қауіпсіздікте сезінуі, құрмет, мәртебеге ие болуы, жеке өзін-өзі дамыту қажеттіліктері қанағаттандырылатын ілімнің және діни тәжірибенің ерекшеліктері. Осы зерттеу нәтижелеріне қарай отырып, мормондар өздерінің сенімдеріне мықты екенін ауыз толтырып айтуға болады. Сондай-ақ мұндай өз сеніміне берілгендік өз еркімен жүзеге асады. Зерттеу барысында қарапайым мормондардың шіркеу басшылары тарапынан мәжбүрлеу болмағаны да анықталды.

**Түйін сөздер:** дін, жаңа діни қозғалыстар, мормондар, «Соңғы күн әулиелерінің Иса Мәсіх шіркеуі», миссионерлік, Қазақстандағы мормондар.

Altayeva N.A.<sup>1</sup>, Zaton K.A.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>doctoral student speciality «Religious Studies», al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: nursulu.altayeva@mail.ru

<sup>2</sup>Doctore of Philosophy Sciences, professor, Egyptian University of Islamic Culture «Nur-Mubarak»,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kairat\_1966@list.ru

**Mormon Church in Kazakhstan**

The article examines the inner life of the Mormon community in Kazakhstan. The results obtained are based on personal impressions of the authors obtained during the included and external observation. The observation took place in the «Church of Jesus Christ of Latter-day Saints» «Kazakhstan Almaty Parish» from September to November 2017. Analyzing the results obtained, the authors come to the following conclusion. Mormons are quite typical representatives of the new religious movements in Kazakhstan. Their church tends to be closed – a considerable attractive force. This strength lies in the «internal resource» – a fairly comfortable psychological atmosphere in the community and those features of the doctrine and religious practice, thanks to which the needs of parishioners are satisfied in a sense of security, recognition, status, personal self-development. Based on the results of this study, we can say that Mormons are strong in their faith. And faithfulness to this faith can also be realized voluntarily. The study showed that ordinary Mormons were not compelled by church leaders.

**Key words:** religion, new religious movements, mormons, «The Church of Jesus Christ of Latter-day Saints», missionary, mormons in Kazakhstan

Әлтаева Н.С.<sup>1</sup>, Затов Қ.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант, факультет философии и политологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: nursulu.altayeva@mail.ru

<sup>2</sup>доктор философских наук, Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Казахстан, г. Алматы, e-mail: kairat\_1966@list.ru

### Мормонская церковь в Казахстане

В статье рассматривается внутренняя жизнь общины мормонов в Казахстане. Полученные результаты основываются на личных впечатлениях авторов, полученных в ходе включенного и внешнего наблюдения. Наблюдение проходило в «Церкви Иисуса Христа святых последних дней» «Казахстанском Алматинском приходе» в период с сентября по ноябрь 2017 года. Проанализировав полученные результаты, авторы приходят к следующему выводу. Мормоны – достаточно типичные представители новых религиозных движений (НРД) в Казахстане. Их церковь склонна к закрытости – немалой притягательной силой. Сила эта заключается во «внутреннем ресурсе» – достаточно комфортной психологической атмосфере в общине и тех особенностях вероучения и религиозной практики, благодаря которым удовлетворяются потребности прихожан в чувстве защищенности, признании, статусе, личностном саморазвитии. Исходя из результатов этого исследования, можно сказать, что мормоны сильны в своей вере. И верность этой вере также может быть реализована добровольно. Исследование показало, что обычные мормоны не были принужденными церковными лидерами.

**Ключевые слова:** религия, новые религиозные движения, мормоны, «Церковь Иисуса Христа Святых последних дней», миссионерство, мормоны в Казахстане.

### Кіріспе

Еліміз өз дербестігіне қол жеткізгеннен кейін «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданып, көптеген діни бірлестіктер құрылып, халық бейбіт өмір сүре бастады. Нәтижесінде Қазақстанда негізгі дәстүрлі екі діннен бөлек, өзге де діни ағымдар тарала бастады. Осындай ағымдардың бірі «Соңғы күн әулиелерінің Иса Мәсіх шіркеуі» болып табылады. Олар мормондар деген атпен де белгілі (Joseph Smith 2013; 104).

Мормондар діни ұйымының пайда болуы АҚШ-тың қалыптасу тарихымен тығыз байланысты. Бұл ұйымның өзіндік ерекшеліктеріне: христиандық ілімнің ең шынайысы деген атауға ұмтылысы; өздерінің шіркеулерін ғана «қайта қалпына келтірілген» христиандық шіркеу дей отырып, басқа христиандық деноминациялардың басым көпшілігін жоққа шығаруы; екі жүз жылдың ішінде ағымның діни қауымдастықтан елеулі халықаралық ұйымға айналуы; даму сатысының алғашқы кезеңінен қазіргі күнге дейін белсенді шаруашылық қызметпен айналысуы, сонымен қатар қазіргі таңдағы экономикалық және миссионерлік белсенділік жатады.

Қазіргі таңда қазақстандық дінтанушылар аталмыш ұйымды діндерді жіктеуде, яғни діндер классификациясында жаңа протестанттық ағымдар қатарына жатқызып жүр (Бәйтенова, 2008: 205). Ал мормондар болса өздерін католиктерге де, православтарға да, протестанттарға

да қоспайды, бірақ шынайы христианбыз деп есептейді. Олар Иса Мәсіхтің өмір сүрген кезіндегідей шіркеуді қайта қалпына келтірушілерміз деп есептейді (Turner, 2012: 35).

Зерттеу әдістері. Бұл мақалада Қазақстандағы мормондық ұйымның өзіне тән ерекшеліктерін айқындайтын әлеуметтанулық әдістер: сырттай және іштей бақылау әдістері кеңінен пайдаланылды.

### Әдебиеттерге шолу

Мақаланы жазу барысында негізінен шетелдік және ресейлік ғылыми еңбектер қарастырылды. «Иса Мәсіхтің Соңғы күндеріндегі Әулиелері шіркеуінің» ілімі мен қызметіне арналған еңбектер шетелдік мамандармен жазылған. Ресейлік православтық авторлармен жазылған еңбектер бар, олар А.Л. Дворкин «Пророки и боги мормонов», О. Казаков «Плач о мормонах», Ю.А. Кондратьев «История и вероучение секты мормонов». Ал қазақ тілінде бұл тақырыпқа арналып жазылған жұмыстар әзірге жоқ. Қазақстандық авторлар Н.Ж. Бәйтенова, Қ.А. Затов, Ш. Рысбекова, Қ.М. Борбасова, Б.Б. Бейсенов, А.Д. Құрманалиева, Б.Б. Мейрбаевтардың коллегиясымен жазылған «Қазақстандағы діндер», «Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ағымдар», «Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтер» еңбектерінен бұл ұйымның қызметі мен тарихы туралы қысқаша мәліметтер алуға болады. Сонымен қатар энци-

клопедиялар мен анықтамалық брошюраларда, атап айтатын болсақ, Дін Істері Комитеті, Діндер мен мәдениеттің халықаралық орталығымен жазылған қысқаша «Религиозные объединения в Казахстане: Справочник» анықтамалығында, «Религии в Казахстане: Хрестоматия в 2-х частях» хрестоматиясында ұйымның тарихы мен ілімі жөнінде қысқаша жазылған. Сонымен қатар, заманға сай интернет ресурстар да пайдаланылды, орыс және қазақ тілді ғаламтордағы мақалалар талданып, оларға сілтемелер жасалды.

### Негізгі бөлім

Қазақстандағы мормондар шіркеуі жайлы айтпас бұрын бұл ұйымның тарихын білуіміз керек. Аталмыш қауымның пайда болу тарихы туралы қысқаша айтып өтейік. Шіркеудің негізін қалаушы Иосиф (Джозеф) Смит. Ол 1805 жылы АҚШ-тың Вермонт штаты, Шарон елді-мекенінде дүниеге келген. 1820 жылы Смитке аян келеді: Құдай Әке мен Иса Мәсіх дұға жасау кезінде көрініп, оның шынайы христиандықты қайта қалпына келтіру үшін таңдалғанын айтады. 1830 жылы 5 мың дана тиражбен Мормон кітабы жарыққа шығады да, сол жылдың 6 сәуірінде Иосиф Смит құрамы алты адамнан тұратын Мормондар шіркеуін құрады. 1896 жылы көпнекелілік тәжірибесі тыйым салынған соң мормондар Юта штатында ресми орнықты (Walker, 1985: 31).

Қазіргі таңда мормондар саны шіркеудің ресми сайтындағы мәліметке сүйенсек әлемнің 177 елінде 15 882 417 адамға жеткен, 157 храмдары бар. Әлем бойынша 70 946 миссионерлер жұмыс жасайды (Официальный сайт Церкви).

Ең алдымен осы зерттеудің мәліметтері – үш айға созылған іштей және сырттай бақылау нәтижелері (2017 жылдың қыркүйек айынан қараша айына дейін). Қауымның мүшелерімен қарым-қатынас жексенбілік құлшылық кезінде, ағылшын тілі курстарында және қосымша шараларда жүзеге асты.

Қазақстанға алғашқы мормондық миссионерлер Рассел мен Маргарет Бэкустер 1997 жылы жұмыс бабымен келген. Олар бастапқыда өз пәтерлерінде сенімдері туралы айтып тарата бастайды да, кейін қатары көбейген соң ресми түрде тіркеліп, діни қауымдастыққа айналады (Муратбеков, 2015: 42).

Шіркеу Қазақстанда 2000 жылдың 16 желтоқсанында ресми тіркелді. Пол Пайпер (Paul Pieper) Қазақстандағы приходтың бірінші президенті болып сайланды. Шіркеудің

еліміздегі алғашқы филиалы 2001 жылдың 29 шілдесінде Алматы қаласында ашылған (Байтенова, 2010).

Шіркеу мәліметтері бойынша Қазақстанда сенушілер саны қазіргі күні 275 адамға жеткен. Елімізде мормондар ұйымының 2 приходы бар, олар бас қаламыз Астана мен Алматыда орналасқан. Алматы қаласындағы приход Достық пен әл-Фараби даңғылдары қиылысқан жерде орналасқан. Азиядағы статистикаға қарайтын болсақ, аталмыш шіркеудің сенушілер саны 1 111 204 адамды құрайды екен. Сонымен қатар, 42 миссионер белсенді қызмет атқарып жүр (www.mormon.org).

Алматы қаласы, Самал-3 ықшамауданында орналасқан мормондар шіркеуін іздеп табу оңайға соқпады. Ақырында көпқабатты үйлердің арасында, қуыста, жолдың тұйық жерінде орналасқан ғимарат шіркеу болып шықты. Бірақ, ол біз ойлағандай төбесінде күмбезі бар ғибадатхана емес, сыйыну үйіне ұқсайды. Бұған қоса, бұл жеке салынған ғимарат емес, бар болғаны бөлек кіреберіс екен, бірақ екі қабатты алып тұр. Шіркеудің аумағы темір шарбақпен қоршалған және оған қазақ және орыс тілдерінде «Иса Мәсіхтің Соңғы замандағы әулиелері шіркеуі» «Қазақстандық Алматылық приход» деп жазылған екі тақтайша ілінген.

Зерттеу кезінде мормондардың алматылық қауымында шамамен 120 шақты шоқынған мүшесі болды, олар жас ерекшеліктеріне қарай үштен бір бөлігі балалар мен жасөспірімдер. Екінші жартысы 18-30 жас аралығындағы жастар, қалған бөлігі – 30-60 жас аралығындағы ересек әйелдер мен еркектер. Басшылық қызметті ер адамдар атқарады. Ересек мормондардың отбасылары бар және отбасы мүшелері де шіркеу мүшелері болып табылады.

Алматылық приходтағы шіркеу мүшелерінің этникалық құрамы әр түрлі: саны жағынан, орыстар басымдық, ол түсінікті жағдай, себебі мормондар ілімі христиандық ілімнен өрбіген, одан кейін қазақтар және аздаған ұйғыр, кәріс, армян, тәжік ұлт өкілдері бар. Президенті Дмитрий Цай – кәріс, оның екі кеңесшісі бар. Олар отбасы мүшелерімен осы приходтағы рәсімдерді жасауға құқылы. Одан бөлек, олар шіркеудің ішін тазалау, жинастыру үшін кесте бойынша кезекшілік атқарады. Бұл қызметтерге оларға ақы төленбейді, яғни олар бұл үшін жалақы алмайды.

Шіркеу мүшелері құрамында қоғамның түрлі әлеуметтік топ өкілдері кездеседі. Оның ішінде: орта және жоғары білімділер, жұмысшылар,

бизнесмендер, жеке кәсіпкерлер және т.б. бар. Әлеуметтік-кәсіби статустарын толық шынайы білуге мүмкіндік болмады.

Біз бақылау жасаған уақыт аралығында қазақстандық приходта алты миссионер: төрт жігіт және екі қыз миссиясын атқарып жүрді. Бірақ олар арасында ауысып, кейде басқа қалаларға (Астана мен еліміздің батысында бір қалаға) барып келіп тұрды. Әр жексенбілік жиналыстың басында миссионерлер келушілермен амандасып «Келгендеріңізге рахмет!» деп аралап шығады. Олар 8 жасында шоқынған, бірақ өздерінің айтуынша ерекше сезіну 15-17 жаста келген. Бұл жас миссионерлер шіркеуге туылғанынан мүше болып саналады, себебі олар бірнеше буында мормондар болып келген (яғни, ата-анасы, ата-әжесі мормондар болған). Бұл ұйымда жастарға таңдау беріледі (жігіттерге бұрын 19 жастан, қазір 18 жастан рұқсат етіледі, қыздарға 20 жастан) – мансап жасап оқуын жалғастыру немесе миссионер ретінде әлемнің қандай да бір еліне барып миссионерлікпен айналысу (O’Dea, 1964:48).

Миссионерлер басқа елде миссия атқарып жүрген кезде өздерінің өмір сүрудегі негізгі қағидаларынан бөлек тағы да қатаң ережелерді ұстанады. Оларға миссия кезінде жеке қарым-қатынас құруға, үйленуге немесе тұрмысқа шығуға, теледидар көруге, радио тыңдауға; балық пен саңырауқұлақ жеуге (улану қаупі болғандықтан); хаттарға жауап беруге, қонаққа баруға немесе қонақ шақыруға қатаң тыйым салынған. Миссияға шақырылғаннан кейін миссионердің таңдау құқы жоқ, ол шіркеу басшылығы жіберген жаққа кетуге міндетті (Davies, 2003: 127).

#### *Рәсімдер*

Шоқындыру рәсімі. Оған барлық салт-дәстүрлерге қарағанда ерекше назар аударылады. Шоқындыру рәсімі барлық бұрынғы күнеларының кешірілуі мен Шіркеуге кіруді білдіреді, шоқындыру рәсімінен кейін барлық өсиеттерді сақтау үшін Құдаймен келісім жасайды. Олар сегіз жастан бастап шоқындыру рәсімінен өтеді. Шоқындыру рәсімінен өту символдық мәнге ие: Иса Мәсіхке ұқсас адам суға батырғанда қайтыс болғандай болады (суға батыру – жерлеудің белгісі), ал судан шығарғанда қайта тірілгендей күнәдан таза болып шығады. Шіркеудің жаңа мүшелерін шоқындыру рәсімінен өткізу миссионерлер өздерінің қызметінің басты мақсаты деп санайды (Bushman R., 2008: 69).

Шоқындыру рәсімі келесі реттілікпен өтеді: 1) «Мен Құдайдың баласы» – гимні; 2) кіріспе дұға; 3) бір шіркеу мүшесінің сөз сөйлеуі; 4) шоқындыру рәсімі; 5) құттықтаулар мен куәландырулар (қатысушылар, миссионерлер және шіркеу қызметкерлері өздерінің шоқындыру рәсімінен қалай және қашан өткені туралы айтады және жаңадан шоқынғандарды құттықтайды); 6) соңғы гимн; 7) соңғы дұға (Кондратьев, 2013: 78).

Шоқындыру рәсімін Аароново лауазымындағы немесе одан да жоғары өкілеттігі бар діни қызметкер жүргізеді. Көптеген христиандар сияқты, мормондар да, адам тәубасына келіп, шомылдыру рәсімінен өткен кезде, оның барлық өткен күнелары кешіріледі. Ол толығымен тазартылып, бұл жаңа өмірдің бастауы деп есептейді. Шоқындыру рәсімінен өткен соң, мормондар Киелі Рухты сыйға алады. Бұл өкілеттілігі бар діни қызметкерлердің шоқындырушы адамның басына қолдарын қойып, олардың бірі Киелі Рух берілетін адамға ерекше батасын береді. Осыдан кейін, Киелі Рух бұл адамның үнемі серігі болып жүреді. Егер адам күнә жасаса, онда Киелі Рух оны тастап кетеді. Бірақ адам әділ, лайықты өмір сүруге тырысатын болса, Киелі Рух оған терең түсінік, қорғаныш пен бейбітшілік сыйлайды (Кайзер, 1995, 51).

Шіркеу мүшелерінің айтуынша Қазақстандағы алғашқы шоқындыру рәсімі 1999 жылы өткізілген. Ол Жазигүл Түгелбаева есімді әйел, мормондар шіркеуі туралы америкалық миссионерлерден естіген, бұл ұйымға қызығушылық танытып, соңынан шоқынған. Ол кезде приход болмағандықтан алғашқы шоқындыру рәсімі, шіркеу мүшелерінің айтуынша, көлік жуу орнында жасалған. Өкінішке орай, біз бақылау жүргізген уақыт аралығында шіркеуде шоқындыру рәсімі болған жоқ.

#### *Іс-шаралар*

Жексенбілік құлшылық. Негізінен іштей бақылау осы жексенбілік құлшылық кезінде жасалды. Шіркеу мүшелері әр жексенбі сайын шіркеуге құлшылық жасауға жиналады. Ол бірнеше бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі – причастиелік жиналыс (нан жеп су ішу арқылы тазару, нан Иса Мәсіхтің тәні, су оның қаны). Оған қауымның барлық мүшелері қатысады. Ол бастапқы гимнді орындаудан, бастапқы дұға оқудан басталады, содан соң Иса Мәсіхтің тәні – нан, қаны – су деп христиандық дәстүрдегідей нан үзіп жеу арқылы тазару рәсімімен жалғасады. Нан мен судың үстін ақ матамен жауып қойып тағы да дұға оқиды, болған соң оны сол жердегі

миссионер жігіттер отырғандарға таратады. Содан соң шіркеу басшылары немесе алдын ала дайындалған адамдар сенім шеңберінде шығып сөйлейді (өз басында болған жайттарды қоса отырып, осы сенімге қалай келгенін, көктен Қасиетті Рухты қалай алғанын). Сөз сөйлеп болған соң бірінші бөлім қорытынды дұға оқу және гимн айтумен аяқталады.

Бірінші бөлімнен кейін келушілер топтарға бөлінеді. Жаңадан шоқынғандар мен тыңдаушыларға жексенбілік мектеп жұмыс жасайды, одан бөлек осы уақытта жас жігіттер мен қыздар қоғамы және ата-анасымен еріп келген кішкентай келушілерге арналған бастапқы қоғам жұмыс жасайды, оларға ойын түрінде сабақтар өткізіледі. Оқытушы ретінде сабақтарды шіркеу мүшелері, яғни жай келушілер емес, миссияда болып келген, шіркеу басшылығымен осындай қызметтерге тағайындалғандар жүргізеді. Жалпы жексенбілік мектептің мәні «барлық шіркеу мүшелері бірін-бірі Евангелиеге оқытады».

Жиналыстың үшінші бөлімі – бұл «Мейірімділік қоғамының» жиналысы. Бұл ұйымның жетекшісі Людмила әпке. Ол колледж оқытушысы болып екі жерде жұмыс жасайды екен. Шіркеу президентімен келісе отырып әр жексенбілік осы Мейірімділік қоғамында талқылайтын тақырыпты таңдайды, оған алдын ала дайындалады. Бұл жиналысқа жексенбілік мектептен шыққан қыз-келіншектер қатысады, бұл жерде де гимн айтылады және белгілі бір тақырыпта шіркеу басшыларымен жазылған кітаптардан үзінділер оқылады, өмірде өзін-өзі ұстау ережелері айтылып, қоғамдағы түрлі мәселелер талқыланады. Осы сабақтар аяқталған соң кейбіреулер үйлеріне тарайды, ал кейбіреулері (көбінесе жастар) қалып шіркеулік гимндарды айтуға дайындалады. Бұл күні ешқандай зат сатып алуға болмайды.

Бір-бірімен араласу үшін және тазару үшін басшылық үнемі шіркеуге келіп тұруға шақырады. Барлық осы шараларға қатысуға жарты күн уақыт кетеді, сол себепті адамдар отбасыларымен, балаларымен бірге келеді. Балаларды тек бір ғана сабақ болғандықтан қалған уақытта олар бір-бірімен араласып, ойнап жүреді. Олар ешкімге кедергі келтірмес үшін арнайы ойын бөлмесі бар, әсіресе жиналыстың бірінші бөлімінде олар сол жақта ойнап жүреді.

Миссионерлермен сұхбат. Тыңдаушылар мен жаңадан шоқынғандар үшін бұл олардың сектада болуы міндетті бөлігі болып табылады. Әдетте екі миссионер шіркеу қызметкеріне ыңғайлы уақытта үйіне келеді және онымен

және оның отбасымен әңгімелеседі. Сөйлесулер сценарийға сәйкес жасалған және арнайы ретпен жүреді, бірақ миссионерлер мәселені шұғыл түрде талқылап немесе белгілі бір тақырыпқа тоқталу керек деп ойласа, жоспар өзгеруі мүмкін.

Басқа да іс-шаралар:

1. Әр жыл сайын Жастар конференциясы өткізіліп тұрады. Ол жас ерекшеліктеріне байланысты 14-17 жас аралығындағыларға арналған «Кіші жастар конференциясы», 18-30 жас аралығындағыларға арналған «Жастар конференциясы» және 31-45 жас аралығындағыларға арналған «Үлкендер конференциясы» болып бөлінеді. Қазақстандық мормондар да жыл сайын бұл конференцияға барып тұрады. Бұл конференцияның мақсаты бірсенімдегі жастар бір-бірімен танысып, қарым-қатынас орнату және өзі секілді өз дініндегі жарын табу болып табылады. Бұл да өз сенушілерінің қатарын көбейтудің бірден бір жолы сияқты. Себебі олардан туылған балалар да өсе келе осы отбасылық сенімді қабылдайтын болады.

2. Аптаның әр сейсенбісі мен бейсенбі күндері тегін ағылшын курстары өткізіледі. Ол бастапқы топ және жалғастырушы топ болып екіге бөлінеді, оларды миссионерлер жүргізеді. Әр курстың соңында миссионерлер шіркеу жөнінде білгісі келетіндерге қалуға ұсыныс жасайды. Біз бақылау жасаған уақыт аралығында курстардан кейін көбісі қайтып кетіп жатты, бірен-саран қызығушылық танытқандар қалып әңгімелесіп жатты. Бұл дегеніміз көптеген секталарға тән адамдарды, соның ішінде жастарды тартудың бірден бір жолы.

3. «Мейірімділік қоғамы» тек шіркеуде ғана емес, арасында тауға, таза ауаға табиғат аясына шығып, еркін түрде кездесулер өткізіп тұрады.

4. Мейірімділік Қоғамының аясында тағы бір бағдарлама бар: әрбір әйел өздері келе алмайтын шіркеу мүшелерінің біреуіне аптасына бір немесе екі рет барып тұруға бекітіледі. Олар үй шаруасына көмектеседі, дүкенге барады және т.б. шоқынып, бірақ шіркеуге келмей жүрген адамдарға ерекше көңіл бөлінеді.

5. 3 пен 12 жас арасындағы балалар дін тақырыбы бойынша арнайы жиналысқа қатысады.

6. 17 мен 30 жас аралығындағы шоқынған, бірақ тұрмыс құрмаған жастарға семинарлар өткізіледі. Ол жерде мормондар өмірінің құндылықтары мен сенім төңірегінде сұрақтар талқыланады.

*Өмірде ұстанатын ережелер*

Шіркеулік ережелер. Дұға жасауға ерекше көңіл бөлінеді. Дұғаның қатып қалған нұсқасы

жоқ, еркін түрде былайша басталып «Дорогой Небесный Отец... благодарим тебя за... мы просим тебя... во имя Иисуса Христа, Аминь», арасына сұрағысы келгенін қоя береді. Мормондардың айтуынша дұғалардың мәтіндерін жаттап, оларды сөзбе-сөз қайталаудың қажеті жоқ, себебі, егер де адам шын ниетімен дұға жасаса, онда Құдай оны естиді және түсінеді, ал сөздерді жүрегі айтып береді дейді (Francis, 2002: 98).

Сабақтарға қатысу да міндетті саналады, себебі Құдай Патшалығына тек Шіркеу арқылы ғана кіруге болады, сонымен қатар әр айдың бірінші жексенбісіне келетін ораза ұстау да міндетті саналады (бір тәулік бойы ешнәрсе жегуге болмайды). Негізі жексенбі міндетті демалыс күн болып саналғандықтан, оны Құдаймен және шіркеулік ағайындармен өткізуге арнау керек. Некеге дейінгі жыныстық өмір немесе некеде опасыздық жасау үлкен күнә болып саналады және шіркеуден қуылуға негіз болуы мүмкін. Спиртті ішімдіктер, шәй, кофе ішуге және шылым шегуге тыйым салынған. Себебі, олар ешқандай пайда әкелмейді, ал құрамында наркотикалық заттар болғандықтан үйреніп кету және соған тәуелді болып қалу қаупі бар деп есептеледі (Мартин, 1992).

Мормондардың сенімі бойынша олардың мұндай шектеулері адамның игілігі үшін жасалған, оның физикалық және психикалық денсаулығының мықты болуына жағдай жасайды. Бұл пікір бос жерден пайда болмаған: АҚШ-та мормондар басқа америкалықтарға қарағанда 10 жылға артық өмір сүреді екен; олардың айтуы бойынша бұл салауатты өмір салтын ұстану мен адамгершіліктің нәтижесі. Мормондардағы бостандық сөзінің мағынасын – бұл «бәрі рұқсат етілгендік емес, саналы жауапкершілік» деп түсінеді (Newel, 2003: 56).

#### *Құндылықтар*

Сенім. Олөтекүштіболуыкерек. Мұндайсенім сәттілік пен тұлғалық өсуге алып келеді. Мормондар өздерінің сенімдерінің шынайылығын алға тартады. Шіркеу басшылығының айтуынша, мормондар адамдардың ішіндегі ең адамгершілігі жоғарылары. Олар басқа діндерге құрметпен қарайды, бірақ, басқа дін өкілдерін өз діндеріндегі өмір сүру қағидалары мен құндылықтарын қатаң ұстанбайды, олардың ешқайсысы Құран мен Інжілді толық оқымаған, бірақ өздерін сенушілерміз деп атайды деп кінәлайды, ал мормондардың ішінде ондай болуы мүмкін емес деп есептейді (Barlow, 1998:45).

Шіркеуде тез шоқынуды мүмкін еместігі жиі айтылады. Себебі, ол айлар немесе жыл-

дар бойы өз-өзімен жұмыс жасау мен үлкен жауапкершіліктің жемісі деп түсіндіреді. Сондықтан шіркеуге жаңадан келіп жүргендерге өз-өзімен көбірек жұмыс жасауға, Мормон кітабын оқуға, жексенбілік мектепке және құлшылық жасауға үнемі келіп тұру керектігін айтады. Сонымен қатар, миссионерлер де олармен көбірек жұмыс жасайды (Haggy, 1987, 89).

Басқа діндердегідей, сенімнің орталық ережелерінің бірі күнә түсінігі болып табылады. Күнә түсінігі жалпыхристиандық дәстүрдегі түсінікпен сәйкес келеді: күнә – бұл дін қағидаларын бұзу. Төзімділік пен мойынсұну туралы сұрақтар ерекше талқыланады: «Адам билікті (өзінің басшысын, басшылықты) сынамайды, себебі ол адамдар Құдайдың еркімен сол орында отыр, ал оған бағынбау – үлкен күнә. Егер адам күнә жасап дін қағидалары бойынша жүрмесе оны құдай жазалайды, оның бағынбауға құқы жоқ» деп есептейді (Бидль, 1872).

Шіркеу басшылығының айтуынша, олар азғыруға үнемі төтеп бере алмайды, кейде күнә жасап қояды, бірақ ең бастысы – шайтанның арбауынан шығып, өзінің күнәсін мойындау. Егер күнә үлкен болмаса, онда кешірім сұрап шынайы әрі көп дұға жасау және қандай да бір жақсылық жасау жеткілікті. Егер де үлкен күнә жасалса, онда діндарға барып күнәсін мойындап, тәубеге келу. Ең бастысы күнәсін жасырмау керек, керісінше, жақындарынан, старейшиналардан көмек сұрау керек, олар міндетті түрде көмектеседі (Walter, 1984: 65).

Шіркеу басшылары мен миссионерлерді қоса шіркеудің әрбір мүшесі табысының он пайызын шіркеуге беріп тұруға міндетті. Шіркеу президентінің сөзі бойынша «табысының он пайызын төлеу – ол құрбандық емес, керісінше артықшылық» және де оны түсіну үшін рухани бай адам болу керек. Табыстың он пайызын төлеп тұру Інжілде де жазылған, оны төлейтіндер алғашқыхристиандық қағидаларды ұстанады. Ол кедейлерге көмекке, қарттар үйі мен сыйыну үйлерін салуға және оның қажеттіліктерін өтеуге, миссионерлердің және шіркеудің басқа да қажеттіліктеріне жұмсалады (Дворкин, 2012: 97).

Отбасы. Мормондарда отбасы – ең басты құндылық болып табылады. Өз кезегінде отбасының басты қызметі – балаларды тәрбиелеу. Мормондардың отбасындағы қарым-қатынас негіздері тірі пайғамбар Г. Хинклидің кітаптарында жазылған. Оны «Мейірімділік қоғамында», жексенбілік мектептерде оқытады. «Құдай балалы болудың қасиетті күшін тек заңды

некеде тұрған әйелі мен күйеуі ғана пайдалана алуын бұйырған. Олар бір-біріне қамқорлық көрсетіп және балаларын махаббатпен өсіру, дұрыс жолмен жүруге үйрету, олардың рухани және өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды махаббат пен бір-біріне қызмет етуге үйрету, Құдайдың көрсеткен жолымен жүру және оларды өз елінің заңын құрметтейтін азаматтары етіп тәрбиелеу» (Казаков, 1994).

Мормондардың ілімі бойынша, Құдай Патшалығына барлық отбасы мүшелерімен кіріп, сонда бірге тұруға болады. Сондықтан да бұл қауымға адамдар барлық отбасымен тартылады, ал бұл өз кезегінде адамның жеке өзі шығып кетуін қиындатады. Шындығында, бұл сенімді барлық отбасы мүшелері ұстанғандықтан, отбасының бір мүшесінің бұл сенімнен бас тартуы өте қиын. Оған қоса, олар отбасы деңгейінде «Кімде кім шіркеуден кетсе, онда ол өз отбасына кесірін тигізді, сондықтан бүкіл отбасы оның кесірінен кешірім ала алмауы мүмкін» деген принципті ұстанады. Жастарға отбасы құру өте бір биік мақсат ретінде көрсетіледі. Олар оған саналы түрде тырысуы керек. Мормондар отбасын жоспарлауға дұрыс қарайды, контрацепцияның барлық түрлері рұқсат етіледі, бірақ аборт жасау тыйым салынған. Олардың ойынша, отбасын жоспарлау өте қажет, себебі, бала өмірге көптен күткен, үміт еткен болып келуі керек, оған жақсы тәрбие мен білім беру керек (Fales, 1989: 147).

Мормондардың әйелдерге деген қатынасы өте қызық. Дәстүрлі діндерге қарағанда оларда әйелдің орны жоғары. Әйелдердің карьера, білім мен жалпы өмірдегі жетістіктері ерлердің жетістіктерімен бірдей қабылданады. Ол өзі қаласа жұмыс жасай алады, дегенмен де отбасының басты асыраушысы болып ер адам саналады.

#### *Өзін-өзі дамыту.*

Бұл жағынан мормондар сенімі протестантизмге жақын. Адам өзінің талантын дамытып жетілдіріп отыруы керек, бұл құдайлық іс болып саналады. Оларды қауымдастықта көрсетсе, оларға барлық жағдай жасалады: мұғалім болуға, ағылшын тілін үйретуге, музыкамен, спортпен айналысуға болады, ән айту, сурет салу, іс-шаралар мен мерекелерді ұйымдастырушы болуға болады. Адам карьера жасауы керек, өзін-өзі дамытуы керек, тек бұның бәріне ол адал жолмен жетуі керек. Сонымен қатар, қауымның белсенді мүшесі болу керек, ол үшін үнемі сабақтарға қатысып жүру жеткілікті.

#### *Бизнес.*

Шіркеудің әлемдік нарықтық жүйеге қосылуын – мормондар мақтан тұтады. Шіркеу басшылығының айтуынша, мормондар дарынды бизнесмен болып табылады, олардың өз фирмалары мен компаниялары бар және де ол жерлерде бұрынғы миссионерлер жұмыс жасайды. Бизнесінің негізгі бағыты – фермерлік болып табылады, АҚШ пен Батыс Еуропада көптеген фермерлік қожалықтар мормондарға тиесілі болып табылады (Рекуц, 2000).

#### *Адамдар арасындағы қарым-қатынас.*

Қарым-қатынас негізінен келушілердің жасы бойынша топтарда жасалады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, алғашқы бастауыш топта 3-12 жас аралығындағы балаларға ойын мен музыканы пайдалана отырып, сенімнің негіздері мен жүріс-тұрыс нормалары түсіндіріледі.

Содан соң жас жігіттер мен жас қыздар қоғамы жүреді. Шындығында бұл қоғамға жасына қарамастан шіркеудің шоқынған мүшелері қатысаалады. Бұл қоғамдарағымдағы істермен айналысады, бұл жерде сабақтардың тақырыптары талқыланады, мерекелерге дайындық жасалады және т.б. Ал мейірімділік қоғамына барлық әйелдер (шоқынған, шоқынбаған, жаңадан келген) қатысады. Бұл ұйымның сабақтарында, жоғарыда айтылғандай, өмір сүру нормалары, құндылықтар мен сенімнің адам өміріндегі түрлі аспектілері қарастырылады.

Сонымен қатар, біз байқағанымыз, жасөспірімдер өздерінен кіші келушілерге қарап жүреді. Балалар үлкендердің сөзіне үлкен сыйластықпен қарайды. Ал үлкендер болса басқа балаларға да өз балаларына қарағандай қарап жүреді. Үлкендер үнемі жастардың жүріс-тұрысын бақылап жүреді, қажет болса ескертулер жасайды, бірақ дауыс көтермей достық пейілмен айтады. Балалар, әсіресе балаға икемі бар миссионерлермен ерекше жылы қарым-қатынаста жүретіні байқалды.

Жалпы шіркеудегі адамдар арасындағы қарым-қатынасты жайлы және достық қалыпта деп бағалауға болады, олар өздерін бейне бір отбасында жүргендей сезінеді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, «Иса Мәсіхтің Соңғы замандағы әулиелері шіркеуінің» елімізде бірқалыпты қызмет етуі осы қауымдастықтағы психологиялық жағдайға байланысты. Қазір адамдар арасындағы сондай жылы қарым-қатынастағы жерлерді табу оңай емес. Мұндай қарым-қатынастар біздің қоғамымызда жаңашыл, яғни, батыстық немесе америкалық өмір сүру үлгісіне қызығушылық танытатын-

дар осы үлгідегі сенімді қабылдауы да әбден мүмкін. Оған қоса ұйым ішіндегі жылы қатынас қоғамның «төменгі» қабатындағы адамдар үшін де тартымды болып келеді, ол адамдар шіркеуге сол үшін баратыны да таңқалаларлық нәрсе емес.

Шіркеудің әрбір мүшесінің «борышы» болады: ол ерікті түрде бір міндетті мойнына алады. Бұндай «борыш» болып жексенбілік мектепте немесе мейірімділік қоғамында сабақ беретін мұғалім, гимндарды үйрететін музыкант немесе дирижер міндетін атқарушы, келушілердің қатысуын белгілеп отырушы сияқты әр адамның икеміне қарай шіркеудегі жұмыстар бөлініп беріледі. Кез келген мұндай «борыштың» мәні әрбір адам шіркеуге өзінің қажеттілігін сезіну болып табылады.

#### *Мәселелер.*

Қатысу. Алматыдағы шіркеу үшін бұл үлкен мәселе. Қазіргі кезде шоқынған 120 адамның тек 40–50-дейі ғана тұрақты түрде шіркеуге келіп тұрады. Олардың көбісі бұрыннан шіркеуге мүше болып келе жатқандар. Шіркеу президентінің айтуынша, бұған себеп «Діни қызмет және діни бірлестіктер» заңының «Діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар» атты 9-бабына енгізілген өзгерістерге байланысты. Бұл заңда «Діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) таратуға жол беріледі» делінген. Сондықтан миссионерлер өздерінің діни әдебиеттерін бұрынғыдай көшелерде немесе үйлерді аралап тарата алмағандықтан соңғы жылдары келушілер саны өспеген. Бұның тағы бір себебін шіркеу басшылығы «шайтан күшті, ал адам әлсіз» деп түсіндіреді. Әрине миссионерлер шіркеуге келмей жүргендерге барып, оларды келіп тұруға үгіттейді, бірақ «егер адам барғысы келмесе оны мәжбүрлеудің қажеті жоқ» деп есептейді.

#### *Қоғамның қатынасы.*

Келушілердің сөздеріне қарағанда, айналасындағылардың оларға деген көзқарастары кейде кедергі келтіреді. Олардың айтуынша, кейбіреулер теріс қарап, кейде дөрекі сөйлейтін кездері де болған. Соның бәрі қауым мүшелерінің реніш пен әділетсіздік сезімін туғызады екен. Кейбір шіркеу мүшелерінің айтуына қарағанда, мормондық сенімде болғаны үшін жұмыстан босатылғандар да болған.

Жалпы, мормондар шіркеуі XIX ғасырда пайда болғандықтан оның көптеген қағидалары дәстүрлі діндерге қарағанда қазіргі заманға сай болып келеді. Мормондар теңдік, төзімділік,

адалдық, құқық пен заңдарды сыйлау секілді демократиялық ережелер мен құндылықтарды ұстанады.

Шіркеудегі басшылық пен келушілердің қарым-қатынасы өзара келісім негізінде жүреді: шіркеу мүшелерінен толықтай шіркеу басшылығына бағыну талап етіледі, есесіне олардың кейбір маңызды қажеттіліктері қанағаттандырылады. Бұл біріншіден, қауіпсіздік. Шіркеуде келушілерге өздерін қауіпсіздікте сезінетіндей атмосфера жасалады.

Екіншіден, махаббатқа деген қажеттілік қанағаттандырылады. Қауымда адам өзіне деген басқа адамдардың махаббатын сезінеді, ол шынайы түрде жүзеге асады, яғни қауым ішінде адамдар бір-біріне махаббатпен, мейірімділікпен қарайды.

Үшіншіден, шіркеулік коллективтің мүшесі бола отырып, өзіне деген зайырлы қоғамда жетіспеген құрметті сезінеді. Сонымен қатар, шіркеу мүшелері бір-бірін жақын танып, бірге көп уақыттарын өткізіп, бір-біріне көмектескен соң араларындағы жатсынушылық жойылады, демек келушілердің шынайы қарым-қатынасқа деген қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Төртіншіден, құрмет пен статусының өсу қажеттілігі қанағаттандырылады. Шіркеу мүшелері топ ішінде өздерінің позициясын өзгертуіне немесе көтеруіне болады, ал бұл өз кезегінде олардың зайырлы өмірдегі әлеуметтік статусына да әсер етеді. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер өз қатарластарына қарағанда сәлауатты жағдайда, үлкендердің жетекшілігімен шіркеуде әлеуметтену процесінен өтеді.

Бесіншіден, шіркеуге келіп адам өзінің діни қажеттіліктерін қанағаттандырады. Негізінде ол дәстүрлі дінде жүрсе де солай жасай алады. Бірақ мормондарда кемінде екі артықшылық бар. Кәдімгі өмірде жай адамға діни сұрақтарын бірге талқылайтын адам табу қиынға түсуі мүмкін, ал қауым ондай мүмкіндікті жасап береді. Және олар оны дәстүрлі дін қызметкерлерінен әлдеқайда жақсы жасайды. Дәстүрлі дін қызметкерлері көмек, жанға дауа іздеп келген адамнан өздерін алысырақ ұстайды, оларды баурап алуды білмейді, ал мормондар секілді дәстүрлі емес дін қызметкерлері келген адамды баурап, оны тыңдап, барынша көмектесуге тырысады. Әрине олардың өз ойлағандары бар, дегенмен де дәстүрлі дін қызметкерлері солар сияқты жұмыс жасаса көптеген адамдар адасып басқа жол іздеп кетпес еді. Бұл жердегі басты артықшылық «Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелері шіркеуі» аясында заманауи өмірдің нормаларына қайшы

келмей-ақ өзінің діни сезімін қанағаттандыруға болады. Оған қоса қауым спортта, тіл үйренуде, түрлі іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу секілді өмірдің зайырлы салаларында қажет болатын қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Қазақстандағы мормондық қауым қызметінің тағы да басқа қырларын бағалау қиынға түсті. Мысалы, қазір қазақстандық шіркеуге барып жүрген жастар қауымның көмегімен шетелге білім алуға, яғни, мормондардың Бригам Янг университетіне кетіп жатыр. Бұл университет 1875 жылы осы «Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелері шіркеуімен» негізі қаланған жекеменшік университет. Бұл университет АҚШ-тағы ең ірі жекеменшік діни университеттердің бірі болып табылады. Ол АҚШ-тың Юта штатында Прово қаласында орналасқан. Оның АҚШ-тың Айдахо штатында Рексбург қаласында (Бригам Янг университеті – Айдахо) және АҚШ-тың Гавайи штатында Лайе қаласында (Гавайдағы Бригам Янг атындағы университет) филиалдары және бизнес-колледждері бар. Оған қоса, қазақстандық мормондар миссионерлікпен айналысуға ынталанса, Солт-Лейк Ситидегі миссионерлер дайындайтын орталықта тіл үйренуіне байланысты 3 апта немесе 3 айға дейін дайындық курстарынан өтеді. Содан кейін шіркеу басшылығы жіберген елге миссионерлік атқаруға кетеді. Бұл дегеніміз біздің жастарымыздың шетел асып, біржола елден кетуіне шіркеу септігін тигізіп отыр деген сөз. Сонымен қатар, қауымның қаржылық қызметіне қатысты мәліметтерді анықтай алмадық, жиналыстарда ол туралы айтылмады, сондықтан осы тұста барлығы біле тұра үндемейтін қандай да бір құпия бар секілді сезімде қалдық.

Сөзсіз, «Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелері» шіркеуіне тоталитарлы сектаның нақты белгілері тән: негізін салушылар мен пайғамбарларының күнәдан пәк болуы, рухани элитарлық, прозелитизм, діни маркетинг. Оны жоққа шығара алмаймыз. Бірақ та бұның бәрі азаматтардың психикалық және физикалық денсаулығына қауіп төндіргенін байқамадық. Көршілес Ресейде мормондар ұйымы тоталитарлық секта деп танылса, біздің елімізде тек дәстүрлі емес діни ағымдардың қатарына жатқызылады.

## Қорытынды

Мақалада «Иса Мәсіхтің соңғы күндеріндегі әулиелері» шіркеуінің еліміздегі қызметі туралы егжей-тегжейлі зерделенді. Онда бірқатар ерекшеліктерді атап өтуге болады. Біріншіден, шіркеу мүшелеріне айтарлықтай үлкен ықпал: олардың бәрі шіркеу басшылығының көз алдында және бақылауында; бұл сондай-ақ, шіркеу мүшелерінің шіркеу өміріне тартылуын түсіндіреді. Екіншіден, шіркеуге тарту үшін «ұсыныстар ауқымын» кеңейту – адамдардың шынымен де қызығушылығын тудыратын іс-әрекеттер жасау. Үшіншіден, заманауи догмалар, олардың көпшілігі дәстүрлі догмалардан ерекшеленеді, бұл өз кезегінде қоғамдағы адамдардың өмір сүруін жеңілдетеді.

Мормондар шіркеуінің әлемде алатын орны оның атқаратын қызметтері арқылы да анықталуы мүмкін. Зерттеудің арқасында мормондар шіркеуі шіркеу қызметкерлері үшін өте тартымды болатын бірқатар функцияларды анықтауға мүмкіндік берді. Діндердің дәстүрлі функцияларымен қатар (идеологиялық, бағдарлау, бақылау) олар жастардың әлеуметтенуімен айналысады, оларға өзін-өзі дамытуға, бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беретін іс-шаралар өткізеді (мысалы, тегін ағылшын тілі курстары).

Осы зерттеу нәтижелеріне қарай отырып, мормондар өздерінің сенімдеріне мықты екенін ауыз толтырып айтуға болады. Сондай-ақ мұндай өз сеніміне берілгендік өз еркімен жүзеге асады. Адамдар өздері саналы түрде таңдап алған топпен өздерін бірге сезіне отырып қанағаттанады. Осы зерттеу барысында қарапайым мормондардың шіркеу басшылары тарапынан мәжбүрлеу болмағаны туралы да анықталды.

Көптеген дін өкілдері жаңа жақтастарды өз қатарларына тарту үшін сенімнің әр түрлі әдістерін қолданады, бірақ рұқсат етілген шектен шықпайды. Мормондарда болғандағы әсер осы көрініспен толықтай сәйкес келді. Бұл шіркеуге баратындар зомби немесе психикалық ауытқулары барадамдарға ұқсамайды; керісінше, олар өздерінің таңдауына жауапкершілікпен саналы оймен келгендігі сезіліп тұрды.

Әдебиеттер

- 1 Barlow S.H., Allen E. Bergin. Religion and mental health from the mormon perspective. // Handbook of Religion and Mental Health. – London: Elsevier, 1998. – 245 p.
- 2 Bitton D. The mormon experience. A history of the Latter-day Saints. Volume 10, Issue 2. – London: Allen and Unwin 1979. – 239 p.
- 3 Bushman C.L. Contemporary mormonism. Latter-Day Saints In Modern America. Westport, 2006. – 293 p.
- 4 Bushman R.L. Joseph Smith: Rough Stone Rolling. – New York: Alfred A. Knopf, 2005 – 203 p.
- 5 Bushman R.L. Mormonism. A Very Short Introduction. Oxford University Press. 2008. – 90 p.
- 6 Davies D.J. An introduction to Mormonism. 2003. – 264 p.
- 7 Fales S.L. and Chad J. Flake. Mormons and mormonism in U.S. government documents. – Salt Lake City: University of Utah Press, 1989 – 389 p.
- 8 Francis B.J. The New Mormon Challenge. – Michigan: Zondervan, 2002. – 536 p.
- 9 Harry L. Ropp. Are the Mormon Scriptures Reliable? – Illinois: Downers Grove, 1987. – 189 p.
- 10 Hatch G. Erratum to «SR Visits: Family History Library of the Church of Jesus Christ of Latter-day Saints». // Serials Review, Volume 32, Issue 3, September 2006, Page 223
- 11 Newell Q.D. and Eric E. Mason, eds. New Perspectives in Mormon Studies: Creating and Crossing Boundaries. Norman: University of Oklahoma Press, 2013. – 301 p.
- 12 O’Dea T.F. The mormons. The university of Chicago Press. 1964. – 478 p.
- 13 Sydney E. Ahlstrom. A Religious History of the American People. – London: Yale University Press, 2004. – 401 p.
- 14 Turner John G.. Brigham Young: Pioneer Prophet. Harvard University Press, 2012, –352 p.
- 15 Walker R.W., David J. Whittaker, James B. Allen. Mormon history. University of Illinois Press. Urbana and Chicago. 1985. – 325 p.
- 16 Walter M. Mormonism. – Texas: Bethany House, 1984. – 65 p.
- 17 Бәйтенова Н.Ж., Затов Қ.А., Рысбекова Ш., Борбасова Қ.М., Бейсенов Б.Б., Мейрбаев Б.Б., Құрманалиева А.Д. Қазақстандағы діндер. – Алматы: Әрекет-Принт, 2008. – 399 б.
- 18 Бәйтенова Н.Ж., Затов Қ.А., Рысбекова Ш., Борбасова Қ.М., Бейсенов Б.Б., Мейрбаев Б.Б., Құрманалиева А.Д. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ағымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 147 б.
- 19 Бәйтенова Н.Ж., Затов Қ.А., Рысбекова Ш., Борбасова Қ.М., Бейсенов Б.Б., Мейрбаев Б.Б., Құрманалиева А.Д. Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтер. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 294 б.
- 20 Бидль Дж. Жизнь мормонов в Юта или таинства и преступления мормонизма. 1872. – СПб., 1872. – 416 с.
- 21 Дворкин А.Л. Сектоведение. – М.: Христианская библиотека, 2012. – 156 с.
- 22 Казаков О. Плач о мормонах. – СПб.: Сатис, 1994. – 24 с.
- 23 Кайзер Э.П. Как противостоять мормонам. – СПб.: Андреев и согласие, 1995. – 55 с.
- 24 Книга Мормона. Еще одно свидетельство об Иисусе Христе. Издано Церковью Иисуса Христа Святых последних дней. Солт-Лейк-Сити, Юта, США, 2013. – 636 с.
- 25 Кондратьев Ю.А. История и вероучение секты мормонов. – СПб., 2013. – 245 с.
- 26 Макдауэлл Дж. Обманщики. – М.: Протестант, 1993. – 224 с.
- 27 Мартин У. Царство культов. – М.: Логос, 1992. – 352 с.
- 28 Муратбеков Е.Б. Религиозные объединения в Казахстане: справочник. – Астана: МЦКР ҚДР МКС РК, 2015. – 42 с.
- 29 Официальный сайт Церкви Иисуса Христа Святых последних дней. <http://www.mormonnewsroom.org/facts-and-statistics>
- 30 Рекуц И.Ф. Мормоны // Неокульты: «новые религии» века. – Минск, 2000. – 189 с.

References

- 1 Barlow S.H., Allen E. Bergin. Religion and mental health from the mormon perspective. // Handbook of Religion and Mental Health. – London: Elsevier, 1998 – 245 p.
- 2 Bitton D. The mormon experience. A history of the Latter-day Saints. Volume 10, Issue 2. – London: Allen and Unwin 1979. – 239 p.
- 3 Bushman C.L. Contemporary mormonism. Latter-Day Saints In Modern America. Westport, 2006. – 293 p.
- 4 Bushman R.L. Joseph Smith: Rough Stone Rolling. – New York: Alfred A. Knopf, 2005 – 203 p.
- 5 Bushman R.L. Mormonism. A Very Short Introduction. Oxford University Press. 2008. – 90 p.
- 6 Davies D.J. An introduction to Mormonism. 2003. – 264 p.
- 7 Fales S.L. and Chad J. Flake. Mormons and mormonism in U.S. government documents. – Salt Lake City: University of Utah Press, 1989 – 389 p.
- 8 Francis B.J. The New Mormon Challenge. — Michigan: Zondervan, 2002. – 536 p.
- 9 Harry L. Ropp. Are the Mormon Scriptures Reliable? – Illinois: Downers Grove, 1987 – 189 p.
- 10 Hatch G. Erratum to «SR Visits: Family History Library of the Church of Jesus Christ of Latter-day Saints». // Serials Review, Volume 32, Issue 3, September 2006, Page 223
- 11 Newell Q.D. and Eric E. Mason, eds. New Perspectives in Mormon Studies: Creating and Crossing Boundaries. Norman: University of Oklahoma Press, 2013. – 301 p.

- 12 O’Dea T.F. The mormons. The university of Chicago Press. 1964. – 478 p.
- 13 Sydney E. Ahlstrom. A Religious History of the American People. – London: Yale University Press, 2004 – 401 p.
- 14 Turner John G.. Brigham Young: Pioneer Prophet. Harvard University Press, 2012, 352 p.
- 15 Walker R.W., David J. Whittaker, James B. Allen. Mormon history. University of Illinois Press. Urbana and Chicago. 1985. – 325 p.
- 16 Walter M. Mormonism. – Texas: Bethany House, 1984 – 65 p.
- 17 Baitenova. N., Zatov K., Risbekova Sh., Borbasova K., Beisenov B., Meirbayev B., Kurmanalieva A. Kazakhstandagi dinder. – A.: Areket-Print, 2008 – 399 p.
- 18 Baitenova. N., Zatov K., Risbekova Sh., Borbasova K., Beisenov B., Meirbayev B., Kurmanalieva A. Kazirgi Kazakhstan-dagi zhana diny agimdar. – A.: Kazakh university, 2010 – 147 p.
- 19 Baitenova. N., Zatov K., Risbekova Sh., Borbasova K., Beisenov B., Meirbayev B., Kurmanalieva A. Kazirgi dastyrden tis diny agimdar men kul’tter. – A.: Kazakh university, 2013 – 294 p.
- 20 Bidl Dj. Zhizn’ mormonov v Uta ili tainstva i prestuplenia mormonisma. 1872. SPb.; 1872. – 416p.
- 21 Dvorkin A.L. Sektovedenie. Moscva: Christianckaya biblioteka, 2012 – 156 p.
- 22 Kazakov O. Plach o mormonach. SPb.; Satis, 1994. – 24p.
- 23 Kaiser E. Как protivostoyat’ mormonam. – SPb.; Andreev i soglasie, 1995. – 55 p.
- 24 Kniga Mormona. Eshe odno svidetel’stvo ob Iisuse Khriste. одно свидетельствo об Иисусе Христе. Solt-Lake-City, Utah, USA, 2013. – 636 p.
- 25 Kondrat’ev U. Istoria i verouchenie sekty mormonov. SPb.: 2013. – 245 c.
- 26 Makdawell Dj. Obmanshiki. M.; Protestant, 1993. – 224p.
- 27 Martin W. Tsarstvo kul’tov. M.; Logos, 1992. – 352p.
- 28 Muratbekov E. Religioznie ob’edinenia v Kazakhstane: Spravochnick. – Astana: 2015. – 42 p.
- 29 Offitsial’nyi sait Tserkvi Iisusa Christa Svyatih poslednih dnei <http://www.mormonnewsroom.org/facts-and-statistics>
- 30 Rekuts I. Mormoni // Neokul’ty: «novie religii» veka. – Minsk, 2000. – 189 p.